

ӘОЖ: 81 26 347.78 034

## **АНГЛИЦИЗМ МЕН 21 ҒАСЫР САБАҚТАСТЫҒЫ**

**Мусина Аяжан Асқарқызы**


[ayazhanm20@mail.ru](mailto:ayazhanm20@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің  
аударма теориясы және практикасы кафедрасының  
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Касбаева Г. С.

Қазіргі кезде англицизм біздің өмірімізде үлкен орын алуда. Бұл мақаланы оқу барысында сіз оның 21 ғасырдың мамандықтарында және заманауи салаларындағы қолданысын, адам өміріндегі англицизмнің орны мен рөлін анықтайсыз. Жұмыстың негізгі мақсаты- англицизмнің адам өміріндегі рөлі және оның қазақ тіліне қаншалықты кіріктірілгенін, ағылшын тілінің қазіргі адамның күнделікті сөйлеуіне әсерін көрсету. Бұл жұмыста адамдардың, соның ішінде 21 ғасыр жастарының арасындағы англицизмге тән сөздердің қолданылу кеңдігі, сонымен қатар заманауи мамандықтардағы англицизмнің өзіндік орны анықталады, талданады. Заманауи мамандықтар ретінде ІТ технологиялар,

математикалық және компьютерлік модельдеу, есептеу техникалары, автоматтандыру сынды бағыттар зерттеу объектісі ретінде алынды.


Англицизм мен 21 ғасыр арасындағы байланыс айқын [1]. Кез-келген адам болмасын, күнделікті өмірінде ағылшын тілінен алынған сөздерді қолданады. Олар біздің сөздік қорымызға тез енуде, тіптен, күнделікті пайдаланылатын сөздерге айналуға. Оны біз зерттеп, дәлелдеуге тырыстық. Толыққанды дәлел алу үшін мен өзімнің Инстаграм парақшам арқылы кішігірім зерттеу жұмысын жүргіздім. Инстаграм платформасын алу себебі: тақырыпқа сай, технологияларды пайдалану арқылы жүргізіледі. Оның негізіне үш түрлі сауалнама алынды. «Инстаграм стористарда», біріншіден, "Сіздің ағылшын деңгейіңіз қандай?" сұрағы қойылды. Нәтижесі, күтілгендей болды, орташа жауап- ағылшын тілінің орташа меңгерілуі. Суретте 155 адамның орташа жауабы көрсетіліп тұр (сурет-1) . Менің ойымша, бұл жақсы көрсеткіш, себебі тек бес жыл бұрын ағылшын тіліне деген тенденция орташадан біраз төменірек болған. Осыдан ағылшын тілінің жастар арасындағы орнын көруге болады. Екінші сұрақ: «Ағылшын тектес қандай сөздерді пайдаланасыздар?» (сурет-2). Бұл сұраққа да сауалнама берушілердің көбісі қазірге кезде өзекті сөздерді пайдалануда. Олардың



сурет-1




сурет-2



сурет-3

қатарына респект, слоган, «смартфон, окей» сияқты және т.б сөздер кірді (сурет-3). Сол сияқты өзінің кәсібіне немесе мамандығына тән сөздер айтылған. Мысалы қаржы



мамандығын меңгерудегі С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ ЖОО-ның 1 курс студенті Жүсіпбек Мерей «трейдер» деген англицизмге тән сөзді ұсынды. Осыдан, үшінші, мақаланың мақсатына дәл келетін сұрақ туындады. «Сіз оқуыңызда немесе мамандығыңызда англицизмдерді жиі кездестіресіз бе?» деген сұраққа жауап бергендердің 68%-ы «Иә» деп жауап берсе, 38%-ы «Жоқ» батырмасын басты (сурет-4). Бұл ненің дәлелі? Бұл көрсеткіштер англицизмнің 21 ғасырда кең етек алуын көрсетеді. Келесі кезекте оның себебін түсіндіру қажет.

Соңғы жылдары жаһандану үрдісі байқалады, оның барысында бұрын мүлдем өзгеше болған

мәдениеттер арасындағы айырмашылықтар біртіндеп жойылып, халықтар арасындағы байланыстың артуына алып келеді. Мәдениеттің ең басты құрам бөлігі- тіл. Ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас тіліне айналғанын ескере отырып, оның өзге тілдермен байланысын анық айтуға болады. Тіл, оның лексикасы, яғни оның сөздік құрамы да тез өзгереді. Жоғарыда айтылған тіл аралық байланыс тарихи даму процесіне жатады [2]. Англицизмдердің санының арта түсуі, олардың тілімізде тез бекітілуі қоғамдық және ғылыми өмірдегі қарқынды өзгерістермен түсіндіріледі. 21 ғасыр - ақпарат және коммуникация ғасыры. Тіл - ақпарат алмасуының және коммуникацияның ең басты құралы. Сондықтан, оны ескермеуге болмайды. Яғни бұдан біз ақпараттық ағымдардың күшейуі, ғаламтордың, жаһандық компьютерлік жүйесінің пайда болуы, мемлекетаралық және халықаралық қатынастарды кеңейту, әлемдік нарық, экономика, ақпараттық технологияларды дамуы – осының барлығы жаңа сөздердің енуіне алып келді. Осының арқасында басқа тілдерді пайдаланатын адамдармен қарқынды қарым-қатынас жасау қажеттілігі артты, кейін интернационалдық терминдердің қолданысы артқан болатын .

Терминология - тікелей кез-келген ғылымға тән зат. Сондықтан англицизмдердің кез-келген ғылым саласында пайдаланылуы сөзсіз. Біз 21 ғасыр мамандықтарының кәсіби сөздерін объект ретінде алуды жөн көрдік. Мысалы, ақпараттық жүйелердің ең маңызды құрам бөлігі- программалау, яғни код жазу. Тек осы сөздерден ғана біз екі англицизмнің орын алуын байқадық: «программалау» және «код». Сонымен қатар «веб-дизайн», «алгоритм», «плагин», «рефакторинг» сияқты IT маманының базалық сөздері англицизмнің тіліміздегі кең қолданыста екеніне дәлел.

Менің мамандығым- математикалық және компьютерлік модельдеу. Мамандық атауының өзінде «математика», «компьютер», «модель» деген ағылшын тілінен енген сөздер орын алып жатыр. Кез келген физикалық немесе химиялық процестерді модельдеу кезінде «аналог», «эксперимент» сияқты сөздер пайдаланылады.

«Сайт, баннер, браузер» сияқты сөздер жыл сайын өсіп компьютерлермен айналысатын адамдардың сөйлеуінде пайдаланылады. Демек, бұл англицизмдер кәсіби саладан басқа да адамдардың лексиконына өтті. Мұндай процесті спорттық терминологияда да көруге болады.

Англицизмдердің басқа синонимдерінің алдында әлеуметтік тұрғыда белгілі бір салаларда сөйлеушінің білім деңгейін, артықшылықтарының бар екенін, хабарлылық деңгейін көрсетеді және осы лексиканы пайдаланатын белгілі бір жастар тобының артықшылықтары да сөзсіз. Жаңа сөздерді алу процесі тез жүріп жатыр, олар қанша болса да, тірі, сөйлесу тілінде болған өзгерістерге үлгермейді. Тіл әрқашан қоғамның қажеттіліктеріне тез және икемді жауап береді.

Англицизмдер – мемлекетаралық байланыстардың, өзара қарым-қатынасының нәтижесі болып табылады [3]. Бірақ осыдан «Бұл процесс заңды құбылыс па, әлде тілімізге деген үлкен қауіп пе?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Бүгін тіліміздің жағдайын қарастырып, біз бір жағынан, біздің сөзімізге енген көптеген англицизмдер мен американизмдер - бұл мемлекетіміздің басқа елдермен, атап айтқанда Америкамен өзара қарым-қатынасын және интеграция процесін жандандырған заңды құбылыс. Интернет пайдаланушылары санының өсуі компьютерлік лексиканың: homepage, e-mail, CDROM, сөйлесу, бит, байт, диск, курсор, флешка таралуына әкелді. Сол сияқты жас ұрпақ өз сөзінде ағылшын сөздерін пайдаланбауы мүмкін емес, себебі олардың көпшілігі бұрыннан тілімізге енген Ағылшын тілінен сөздердің лексикаға енуі студенттік және мектеп өмірінің барлық салаларын қамтиды. Қазіргі кезде сленгтердің таралуы- барлығымызға айқын құбылыс. Бір жағынан, жаңа сөздердің пайда болуы тіл тасымалдаушыларының сөздік қорын кеңейтеді және екінші жағынан - оның өзіндік ерекшелігі мен қайталанбас сұлулығын жоғалтады.

Қорытындылай келе, англицизмдердің кең етек алуы дәлелденді. Тіпті менің мақаламның ішінде бірқатар англицизмдер пайдаланылды. Олардың қатарына «инстаграм сторис», «термин», «технология», «процесс», «автоматтандыру» сияқты сөздерді жатқызуға болады. Олар менің өз ойымды жеткізудегі құралдарға айналды. Жаһандану үдерісінде

англицизмдердің пайдаланылуы заңды құбылыс. Оның бірқатар артықшылықтары бар. Біріншіден, англицизмдер басқа елдермен қарым-қатынас жасауға, мемлекетаралық байланыстар жүргізуде үлкен пайдасын тигізеді. Екіншіден, англицизмдерді қолдану кез-келген адамның немесе мемлекеттің бәсекелестік қабілетін арттырады. Себебі, бұл сөздерді әлем қолданып, біз қолданбасақ, басқалардан озып шығу мүмкіндігі азаяды. Үшіншіден, англицизмдер - терминдерге деген кілт, ал терминдер - ғылымдарды игерудің кілті. Бірақ олардың артықшылықтарын біліп, қауіптерін ескермеуге болмайды. Біз өзге тілдерін меңгеріп, өзіміздің туған тіліміздің маңыздылығын жоғалтып алмауға міндеттіміз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Криворучко Т.О., Адильбаева Т.О. Англицизмы: угроза или необходимость?
2. <http://kazorta.org/anglitsizmy-v-studencheskoj-srede/>
3. Крысин, Л. П. Иноязычное слово в контексте современной общественной жизни /- М. : Языки русской культуры, 2000. -- С. 143 -- 161.
4. <http://codingcraft.ru/glossary.php>
5. Новейший словарь иностранных слов и выражений. -- Мн. : Современный литератор, 2007. -- 976 с.